

Жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 26 маусымдағы N 154 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 шілдеде N 14-3-75 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 84 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 29.03.2013 № 84 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99 Кодексінің (Салық кодексі) 378, 379, 381, 383, 387-баптарына және Кентау қалалық мәслихатының 2003 жылғы 28 қарашадағы N 13 "Кентау қаласы жерін аймақтарға бөлу схемасын бекіту туралы" шешіміне сәйкес, қалалық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. Жер салығының базалық ставкалары Салық кодексінің 378, 379, 381, 383-баптарында белгіленген жер салығының базалық ставкалары автотұраққа (паркингтерге), автомобиль май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) " және казино орналасқан жерлерді қоспағанда 50 процентке жоғарылатылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2010.01.12 N 199; 2010.12.22 N 269 (2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады)

Ш е ш і м д е р і м е н .

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы К.Кульбаев

Қалалық мәслихатының хатшысы Е.Аширов